

Сыртқы аудитор туралы ақпарат

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2019 жылғы 4 наурыздағы шешіміне (№10/19 хаттама) сәйкес «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның (бұдан әрі – ҚМГ) 2019-2021 жылдардағы шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым болып «Эрнст энд Янг» ЖШС (бұдан әрі – Сыртқы аудитор) айқындалды.

2019-2021 жылдардағы қаржылық есептілік аудиті бойынша көрсетілетін қызметтерді ұзақ мерзімді сатып алу жөніндегі 2019 жылғы 19 сәуірдегі №237-27 Шарттың (бұдан әрі – Шарт) сомасы, Шартқа қосымша келісімдерді ескере отырып, ҚҚС-ты есепке алғанда 1 414 288 мың теңгені құрайды және аудиторлық қызметтер көрсетуге байланысты барлық шығыстарды қамтиды, оның ішінде жылдар бойынша:

- 2019 жыл – 407 346 мың теңге;
- 2020 жыл – 507 700 мың теңге;
- 2021 жыл – 499 242 мың теңге.

2020 жылы Сыртқы аудитор көрсеткен аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер туралы ақпарат:

№	Сыртқы аудитор көрсеткен қызметтердің атауы	Қызметтердің құны, ҚҚС-сыз, мың теңге	
		2020 жыл	2019 жыл
1	Есепті кезең үшін тоқсан сайынғы шолуларды қоса алғанда, ҚМГ және оның барлық деңгейдегі еншілес ұйымдарының шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігінің аудиті бойынша шығыстар	1 742 563	1 857 440
2	Аудиторлық емес қызметтер		
2.1	Еурооблигацияларды шығаруға байланысты консультациялық қызметтер	140 576	-
2.2	Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша заңнаманы қолдану және салық есебін жүргізу мәселелері бойынша консультация беру, трансферттік баға белгілеу бойынша құжаттарды дайындау, салық шығындарын бағалау	11 440	4 928
2.3	4400 «Қаржылық ақпаратқа қатысты келісілген рәсімдерді орындау бойынша тапсырмалар» Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес көрсетілген ілеспе қызметтер	7 819	13 164
2.4	Инвестициялау объектісі туралы кешенді тексеру (Due Diligence)	-	110 074
2.5	Орнықты даму туралы есепті верификациялау жөніндегі консультациялық қызметтер	-	21 583
	ҚМГ және оның барлық деңгейдегі еншілес ұйымдарының аудиторлық емес қызметтері бойынша шығыстар ЖИЫНЫ	159 835	149 749
3	Аудиторлық емес қызметтердің үлесі, %	9,2%	8,1%